

Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/127 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 сәуірде № 7590 тіркелді

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 30 бабы 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Мамытбеков*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы М и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 8 н а у р ы з д а ғ ы
№ 1 8 - 0 3 / 1 2 7 б ұ й р ы ғ ы н а

қосымша

Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өңдеу жүргізілетін жануарлар ауруларының тізбесі

Ескерту. Тақырып орыс тілінде өзгереді, мемлекеттік тілде өзгермейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 6.11.2014 № 7-1/573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ ұшалары залалсыздандырылатын (зарарсыздандырылатын) аурулар:

1) жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – цистицеркоз (аумағы 40 шаршы сантиметр ет кесіндісінде 3-тен артық емес цистицеркпен зақымданған), бруцеллез (ұсақ мал; ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша – ірі қара мал, шошқа, түйе, жылқы)*, туберкулез (ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша)*, Ауески ауруы (ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша)*, везикулярлі стоматит, лейкоз (ветеринариялық-санитариялық бағалау қорытындылары бойынша)*, лептоспироз, листериоз, пастереллез, паратуберкулез, кампилобактериоз, фузариотоксикоз, құқызбасы;

Ескертпе: * ветеринариялық-санитариялық бағалау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2) ірі қара малдың аурулары – сиырдың алаөкпесі, сиырдың зілді қызбасы, сиырдың вирустық диареясы, сиырдың жұқпалы ринотрахеиті, парагрипп;

3) қой және ешкі аурулары – қой мен ешкінің жұқпалы агалактиясы, ешкінің жұғымтал плевропневмониясы, қойдың хламидиозды іш тастауы, жұғымтал эктима, қойдың жұқпалы маститі, қойдың жұқпалы эпидидимиті;

4) жылқы аурулары – делбе, ринопневмония;

5) шошқа аурулары – шошқа тұмауы, шошқа обасы, тілме, шошқаның вирустық гастроэнтериті, энзоотиялық энцефаломиелит (Тешен ауруы), шошқаның везикулярлы ауруы, шошқаның энзоотиялық пневмониясы, шошқаның гемофилезді полисерозиті;

6) құс аурулары – жұқпалы ларинготрахеит, құс шешегі, сальмонеллез, құс микоплазмозы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 6.11.2014 № 7-1/573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.03.2016 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды алып қоймай-ақ ұшалары өңдеуге жататын мал

а у р у л а р ы :

- 1) жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – цистицеркоз (финноз);
- 2) ірі қара малдың аурулары – безнайтиоз;
- 3) шошқа аурулары – трихинеллез;
- 4) құс аурулары – Ньюкасл ауруы, құстың стрептококкозы;
- 5) терісі бағалы аңдар мен үй қояндарының аурулары – қоянның стрептококтық септицемиясы, қоянның стафилакоккозы, спирохетоз;
- 6) бал арасының аурулары – аспергиллез.

Ескерту. 2-тармақта орыс тілінде өзгереді, мемлекеттік тілде өзгермейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 6.11.2014 № 7-1/573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.